

## 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 маусымдағы № 170 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 маусымдағы № 4-6-132 тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 09.11.2015 № 337 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасын және 37 бабын басшылыққа алып, 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27 және 28 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі әскери қызметке шақырудан босатылу немесе кейінге қалдыру құқығы жоқ азаматтарды Қарулы Күштерін жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. № 1 қосымшаға сәйкес әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі аудандық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. № 2 қосымшаға сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 2 сәуірінен туындайтын құқықтық қатынастарға таралады.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ө. Балахметовке жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Сарсенғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімнің бастығы:

Б. Султанов

13.06.2012 ж.

Аудандық ішкі істер  
бөлімінің бастығы:

А. Кубайдуллин

13.06.2012 ж.

Аудандық орталық аурухананың  
бас дәрігері:

А. Доспаева

13.06.2012 ж.

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 13  
маусымдағы № 170 қаулысымен бекітілген  
қосымша № 1

## **Әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Балахметов Әлифолла Хабиболлаұлы - аудан әкімінің орынбасары, шақыру комиссиясының төрағасы;

Султанов Берік Султанович - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, шақыру комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Жумашева Зоя - аудандық орталық аурухананың медбикесі, шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша);

Қаражанова Күләш Құбайдоллақызы - аудандық емхананың бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша);

Мажитов Руслан Мирасұлы - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша).

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 13  
маусымдағы № 170 қаулысымен бекітілген  
қосымша № 1

## **Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі**

№	Елді мекендер атауы	Өту күндері		
1	Ишарбаев көшесі	10.04.2012	17.05.2012	21.06.2012
		11.04.2012	17.05.2012	21.06.2012
		07.10.2012	12.11.2012	11.12.2012

1	Кіндероор кенті	09.10.2012	13.11.2012	18.12.2012
2	Бөдене ауылдық округі	09.04.2012	16.05.2012	20.06.2012
		09.10.2012	08.11.2012	10.12.2012
3	Жарсуат ауылдық округі	06.04.2012	16.05.2012	20.06.2012
		04.10.2012	07.11.2012	07.12.2012
4	Көктоғай селолық округі	02.04.2012	14.05.2012	18.06.2012
		01.10.2012	02.11.2012	06.12.2012
5	Өрлік селолық округі	03.04.2012	14.05.2012	18.06.2012
		02.10.2012	05.11.2012	03.12.2012
6	Есбол селолық округі	04.04.2012	15.05.2012	19.06.2012
		03.10.2012	01.11.2012	05.12.2012
7	Елтай селолық округі	05.04.2012	15.05.2012	19.06.2012
		05.10.2012	06.11.2012	04.12.2012

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК